

Шылау

Тілімізде толық мағынасы жоқ, бірақ сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып, немесе сөзге қосымша мән үстеп тұратын сөздерді шылау сөздер деп атаймыз. Шылау сөздер білдіретін мағынасы мен сөйлемде атқаратын қызметіне қарай септеулік шылау, жалғаулық шылау және демеулік шылау болып үшке бөлінеді.

Септеулік шылаулар

Септеулік шылаулар белгілі септік тұлғадағы толық мағыналы сөздермен тіркесіп келіп, оған қосымша (мезгілдік, мекендік, шектік, себептік, мақсаттық т.б.) мән үстеп тұрады да, оны екінші сөзбен сабақтастыра (бағындыра) байланыстырады.

Септеуліктер мынадай тұлғадағы сөздердің шылауында айтылады.

1. Түбір (кейде көптік, тәуелдік) тұлғадағы зат есім, есімдік, тұйық етістік, есімшемен тіркесетін септеуліктер: *арқылы, жайында, үшін, туралы, сайын, тәрізді, сияқты* т.б.

2. Барыс септіктегі сөздермен тіркесетін септеуліктер: *дейін, шейін, таман, қарай, салым, жуық, тарта* т.б.

3. Шығыс септіктегі сөздермен тіркесетін септеуліктер: *кейін, соң, гөрі, бері, бұрын, әрі* т.б.

4. Көмектес септіктегі сөздермен тіркесетін септеуліктер: *қатар, қабат, бірге*.

Жалғаулық шылаулар.

Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді ыңғайластыра (тең дәрежеде) байланыстыратын сөздер жалғаулық шылаулар деп аталады. Жалғаулықтар бірыңғай мүшелердің немесе салалас құрмаластың сыңарларын әр түрлі мағыналық қатынаста байланыстырады. Ондай мағыналық қатынастар мыналар:

1. Ыңғайластық қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *мен, бен, пен, (менен, бенен, пенен), да, де, та, те, және, әрі*.

2. Қарсылықты қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *бірақ, алайда, дегенмен, әйтпесе, әйткенмен, сонда да*.

3. Талғаулықты қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *әлде, біресе, не, немесе, я, яки, болмаса, кейде*.

4. Себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *себебі, өйткені, сондықтан, сол себепті*.

5. Шарттық қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *егер, егер де*.

Демеулік шылау

Демеулік шылау олар өздері жалғанған сөзге сәл де болса қосымша мағына үстейді. Олар мағынасына қарай **сұраулық, күшейткіш** демеуліктер және т.б болып бөлінеді:

1. Сұраулық демеуліктер: *ма (ме, ба, бе, на, не), ше*.

2. Күшейткіш демеуліктер: *-ақ, -ау, -ай, әсіресе, да (де, та, те)* шылауы күшейткіш мәнді білдіріп бірде демеулік болса, енді бірде бірыңғай мүшелерде, сөйлемдерді ыңғайластыра байланыстырып, жалғаулық шылау болып қызмет атқарады. Мысалы: сен университетке барасың ба?. Мен ұлттық тағамдардың ішінен, әсіресе қазы-қартаны жақсы көремін және т.б.

Шектік демеулік шылаулар: гана, тек қана, тек, қана және кейде-ақ жатады. Мысалы: Біздің мамандығымыз *тек қана* ұлдарға арналған.